

«Бекітемін»
«Happy kids» жеке балабақшасы
Менгерушісі:
Н.А. Байхатова



**«Дарын» ЖК «Happy kids» жеке балабақшасы
2025–2026 оқу жылына арналған жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспары**

Мақсаты:
Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

№	Мерзімі	Тақырыбы	Қаралатын мәселелер
	Қыркүйек	«Баланы ерте дамытуда ата-ана мен педагог ынтымақтастығы»	1. Жаңа 2025–2026 оқу жылының басталуымен құттықтау. 2. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары және негізгі міндеттерімен таныстыру. 3. Тәрбиеленушілердің жеке іс-қағаздарын толықтыру мәселесі. 4. Әртүрлі мәселелер.
	Наурыз	«Ұлттық құндылықтар – ұрпақ тәрбиесінің негізі»	1. Ұлттық тәрбие беру жолдары. 2. Балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. 3. Наурыз мерекесін ұйымдастыру. 4. Ата-аналармен бірлескен жобалар.
	Мамыр	«Балабақша мен отбасы: бірлескен тәрбиенің нәтижесі»	1. Оқу жылының қорытындысы. 2. Балалардың жетістіктері мен мониторинг нәтижелері. 3. Жазғы сауықтыру жұмыстары. 4. Жазғы қауіпсіздік ережелері.

«Дарын» ЖК «Happy kids» жеке балабақшасы

№1 жалпы ата-аналар жиналыс

хаттамасы

Тақырыбы: Жалпы ата-аналар жиналысы «Баланы ерте дамытуда ата-ана мен педагог ынтымақтастығы»

Өткізілген күні: 3 қыркүйек 2025 жыл

Өткізу орны: Балабақша залы

Қатысушылар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар

Жауаптылар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Жаңа 2025–2026 оқу жылының басталуымен құттықтау.
2. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары және негізгі міндеттерімен таныстыру.
3. Тәрбиеленушілердің жеке іс-қағаздарын толықтыру мәселесі.
4. Әртүрлі мәселелер.

Өткізілу барысы:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, балалардың сапалы білім мен тәрбие алуына қолайлы жағдай жасалғаны туралы ақпарат берді. Жаңа оқу жылындағы негізгі бағыттар мен міндеттер таныстырылды.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер балабақшаның жылдық жоспары, ұйымдастырылатын іс-шаралар, мерекелер, байқаулар және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

3-мәселе бойынша:

Тәрбиешілер тәрбиеленушілердің жеке құжаттарын (туу туралы куәлік көшірмесі, ата-аналардың жеке куәлік көшірмелері, медициналық анықтамалар және басқа да қажетті құжаттар) уақытылы толықтыру қажеттілігі туралы түсіндірді.


Қаулы:

1. 2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттері ата-аналардың назарына алынсын.
2. Тәрбиеленушілердің жеке іс-қағаздарын белгіленген мерзімде толықтыру қамтамасыз етілсін.
3. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
4. Ата-аналар балабақша өткізетін іс-шараларға белсенді қатысуға шақырылсын.

Меңгеруші: Н.А. Байхатова

Хатшы: А.Е. Уаєпова

Жиналыс төрайымы: И.К. Урманова



**«Дарын» ЖК «Happy kids» жеке балабақшасы
№2 жалпы ата-аналар жиналыс
хаттамасы**

Өткізілген күні: «2» Наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: Балабақшаның залы

Қатысқандар: Ата-ана, балабақша әкімшілігі, педагогтер

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар – ұрпақ тәрбиесінің негізі»

Күн тәртібі:

1. Ұлттық тәрбие беру жолдары.
2. Балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.
3. Наурыз мерекесін ұйымдастыру.
4. Ата-аналармен бірлескен жобалар.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі сөз сөйлеп, ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесіне енгізудің маңыздылығына тоқталды. Балалардың бойына ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, туған жерге деген сүйіспеншілікті сіңірудің жолдары туралы баяндады.

Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысының маңызын атап өтті. Балаларды мейірімділікке, үлкенді құрметтеуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу жөнінде ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Музыка жетекшісі Наурыз мерекесін өткізу жоспарын таныстырды. Мерекелік бағдарлама, ұлттық ойындар, көрмелер және ата-аналардың қатысуымен өтетін іс-шаралар талқыланды.


Төртінші мәселе бойынша:


Тәрбиешілер ата-аналармен бірлескен шығармашылық жобалар, көрмелер, ұлттық бұйымдар көрмесі және отбасылық байқаулар ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізді. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, іс-шараларға белсенді қатысуға дайын екендерін жеткізді.

Шешім қабылданды:

1. Балаларды тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Балалардың адамгершілік қасиеттерін дамыту мақсатында отбасы мен балабақшаның бірлескен іс-шаралары ұйымдастырылсын.
3. Наурыз мерекесі бекітілген жоспарға сәйкес жоғары деңгейде өткізілсін.
4. Ата-аналар ұлттық тәрбиеге бағытталған көрмелер мен жобаларға белсенді қатыстырылсын.
5. Бірлескен жұмыстардың нәтижелері оқу жылының қорытындысында талдансын.

Балабақша меңгерушісі:  Н.А.байхатова

Хатшы:  А.Е.Уаслова

Жиналыс төрағасы:  Урманова И.К.



**«Дарын» ЖК «Happy kids» жеке балабақшасы
№3 жалпы ата-аналар жиналыс
хаттамасы**

Өткізілген күні: «26» Мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: Балабақшаның залы

Қатысқандар: Ата-ана, балабақша әкімшілігі, педагогтер

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы: бірлескен тәрбиенің нәтижесі»

Күн тәртібі:

1. Оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың жетістіктері мен мониторинг нәтижелері.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстары.
4. Жазғы қауіпсіздік ережелері.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі 2025–2026 оқу жылының қорытындысы туралы баяндама жасады. Жыл бойы атқарылған оқу-тәрбие жұмыстары, ұйымдастырылған мерекелік іс-шаралар, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар және қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпарат берілді. Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы балалардың жан-жақты дамуына оң әсер еткені атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер балалардың даму мониторингінің қорытынды нәтижелерімен таныстырды. Оқу жылы барысында тәрбиеленушілердің танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуы бағыттары бойынша қол жеткізген жетістіктері талданды. Балалардың түрлі байқаулар мен іс-шараларға белсенді қатысқаны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Жаз мезгілінде өткізілетін сауықтыру, шынықтыру, спорттық және танымдық іс-шаралар туралы мәлімет берілді. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстардың маңыздылығы атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша:

Медбике ата-аналарға жазғы кезеңдегі қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Балалардың көшеде, су айдындарында, ойын алаңдарында және жол қозғалысы кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттілігі айтылды. Сондай-ақ күннен қорғану, жеке бас гигиенасын сақтау және жарақаттанудың алдын алу мәселелері қарастырылды.

Сөйледі:

Ата-аналар балалардың жетістіктеріне ризашылықтарын білдіріп, педагогтерге алғыс айтты. Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлетіндерін жеткізді. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың алдағы уақытта да жалғасуына қолдау білдірді.

Шешім қабылданды:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері назарға алынсын.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
4. Ата-аналарға балалардың жазғы демалысы кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау ұсынылсын.
5. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту жұмыстары жалғастырылсын.

6. Белсенді ата-аналарға алғыс хаттар табысталсын.

Балабақша меңгерушісі: Н.А. Байхатова

Хатшы: А.Е. Уаєпова

Жиналыс төрағасы: И.К. Урманова

